

21 шілде,
Сейсенбі,
2020 жыл

uul-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

ӘДЕМІ — «ШАПАҒАТ» МЕДАЛІНІҢ ИЕГЕРІ!

АТАМ ҚАЗАҚ ӘУ БАСТАН «БІРІН-ШІ БАЙЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ» - ДЕП КЕТТІ. ОҒАН ДАЛАМЫЗДЫ ӨЛЕМ-ДІ АЛАНДАТҚАН ДЕРТ ЖАЙЛАҒАН-ДА ТУРА КӨЗ ЖЕТКІЗІП ОТЫРМЫЗ. БҮГІНГІ КҮНІ ДЕРТІНЕ ДАУА ТАППАЙ, БІР ЖҰТАМ АУА ЖЕТПЕЙ КӨЗ ЖҰМҒАНДАР ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР ТОЛАСТАР ЕМЕС. ОСЫНДАЙДА АЖАЛҒА АРАША ТҰРЫП, ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІ ҮШІН АРПАЛЫСҚАН АҚ ХАЛАТТЫ ДӘРІГЕРЛЕР БҮГІНГІ КҮННІҢ ҚАҺАРМАНДАРЫ. СОЛАРДЫҢ БІРІ БІЗДІҢ ЖЕРЛЕСІМІЗ – ӘДЕМІ ДЕМЕУОВА.



Ал, «бауыр етің балаң» ауырса, өзінді қоярға жер таппайсың! Адамға дәрігердің шипалы емінен бұрын шынайы пейілі керектігіне өзіміз талай көз жеткіздік. Әдемі Қажымұханқызы атына заты сай, ішкі дүниесі де әдемі дәрігер. Бебеулеген баланың Әдемінің алдына барғанда бар ауруынан айыққандай, бір сәтке болса да күлімсірегенін көрдік. Бұл Әдемінің берген антына адалдығы, мамандығына деген махаббаты мен ұяда көрген төрбиесі.

Жуырда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Әдемі қарындасымыз «Шапағат» медалімен марапатталды. Әрине, Әдемі үшін баланың күлкісі мен ананың қуанышынан артық алғыс жоқ. «Мен үшін бәрінен биік марапат сол» - дейді. Дегенмен, мемлекеттің тарапынан еңбегің еленіп жатса, ол да өз мерейің! Сондықтан, ерқашан мерейіңіз үстем болсын!

С. ХАМЗИН,
Ойыл селосы.

ШӨПТІҢ БАҒАСЫ ШЕШІЛДІ

Жыл сайын қай заттың да құны өсетіні белгілі. Әсіресе қазіргі науқанда мал азығының бағасын тұрақтандыру қиын. Шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлер құрғақшылыққа байланысты шөптің шығымы мардымсыз екенін алға тартып, өзге де қажеттіліктердің көп екенін айтады.

Сондықтан Ойыл ауданында биылғы мал азығының бағасы 400 теңгеге дейін көтерілген болатын. Жергілікті өкімшілік мал азығын дайындап, сатушылармен келіссөздер жүргізіп, ымыраға келді.

Жергілікті кәсіпкер «Мұрагер» шаруа қожалығының басшысы Өркен Ақеділов 1 бума шөптің

(түктің) бағасын 350 теңгеден ұсынатынын айтып, өзгелерді сол бағамен сатуға шақырды. Ол қандай жағдайда да маусым аяқталғанша осы бағамен қалатынын жеткізді. Өйткені, мынадай қиын жағдайда халықтың үстінен пайда көруді көздемейтінін айтты. Қазіргі таңда мал азығы ауданда тұрғындарға жаппай осы бағамен жеткізілуде.

Биылғы қысқа 201,5 мың тонна шөп дайындалуға тиіс еді. Оның 95,6 мың тоннасы дайындалды. Тұрғындарға 56,2 мың тонна шөп тасылды. Ал қыстақтарға жиылған шөптің көлемі — 41,8 мың тонна. Тұрғындар шөпті тезірек алып қалулары керек. Кейбір селолық округтерде шөп жоқ.

Басқа округтердің жерінен тасуға мәжбүр. Тасымалдың да бағаға өсер етітіні айдан анық. Әр тұрғын мал азығы келіп тұрған кезде аулаларын шөпке толтырып алғаны дұрыс, — дейді аудандық ауылшаруашылық және кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Сүйіндік Өскінбаев. Оның да себебі бар. Жергілікті тұрғындар өзін шөп алмайтын болса, камазшылар Маңғыстау, Атырау облыстарына өкетеді. Ол жақта бір бума шөптің бағасы — 1000 теңге. Сөйтіп, уақытында шабылған, құнары бар шөп шетке кетеді.

Ауданда шөп түсуге тиіс 2310 аула болса, оның 321 ауласына шөп тасылды.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАР ДӘРІГЕРІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАР ДӘРІГЕРІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

17.07.2020 ж.

Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысы аумағында қатаң шектеу және карантиндік шараларын ұзарту туралы

Мен, Ақтөбе облысының Бас мемлекеттік санитар дәрігері Беркімбаева Нұрсұлу Алтынбекқызы, Ақтөбе облысының тұрғындары арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында, «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы №130 бұйрығына және «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан 2015 жылғы 20 наурыздағы №239 бұйрығына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақтөбе облысының Бас мемлекеттік санитар дәрігерінің 2020 жылғы 4 шілдедегі №ПГСВ-42 қаулысымен енгізілген қатаң шектеу және карантиндік шаралар 2020 жылдың 2 тамызын қоса алғанда ұзартылсын.

2. Аудандар мен Ақтөбе қаласының өкімдеріне, мемлекеттік органдарға, ұйымдарға, меншік нысанына қарамастан кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша:

2.1. №ПГСВ-42 және осы қаулымен енгізілген шектеу және карантиндік шаралардың сақталуын қамтамасыз етісін.

2.2. Күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық, маскалық режимді және өлеуметтік қашықтықты сақтай отырып жұмыс режимін белгілеу: – ауданы 500 шаршы метрге дейін азық-түлік емес дүкендері сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін; – ауданы 500 шаршы метрден астам азық-түлік емес дүкендер ғана жеткізуге;

– қоғамдық тамақтану нысандарының шығаруға және жеткізуіне рұқсат етіледі;

– ауыл шаруашылығы техникалары үшін қосалқы бөлшектерді сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін, тек ашық ауада сатуға рұқсат етіледі.

2.3. Адам мен адамның тікелей қарым-қатынасынан туындайтын қызмет түрлеріне тыйым салу:

– косметикалық және косметологиялық қызмет көрсететін салондар; – ателье.

3. Ақтөбе облысының Бас мемлекеттік санитар дәрігерінің 4.07.2020 жылғы №ПГСВ-42 қаулысының 4.3-тармағының 2-абзацы келесідей редакцияда жазылсын:

«- сауда үйлері, орталықтар, сауда желілері (тапсырыстарды клиентке жеткізу арқылы азық-түлік емес тауарларды сатуға жол беріледі);»

4. Ақтөбе облысының тұрғындарына қосымша:

4.1. Тұрғын үйден шыққан кезде өлеуметтік қашықтықты және алдын алу шараларын сақтау қажет (жабық үй-жайларда маскаларды кию, әрбір 2 сағат сайын ауыстыра отырып, бір рет қолданылатын қолғаптарды, олардың бүтіндігі бұзылған жағдайда ауыстыра отырып, тері антисептиктерін пайдалану);

4.2. Адамдар көп жиналатын орындарға бармау;

4.3. Өртүрлі қызметтерді алу кезінде адамдар арасында кемінде 1,5 метр қашықтықты сақтау;

4.4. Желдету арқылы тұрғын үйді үнемі ылғалды жинау;

4.5. Жеке гигиена ережелерін сақтау;

4.6. Респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері (мұрын, түшкіру, дене қызуының көтерілуі) пайда болған кезде тез арада тұратын жері бойынша медициналық көмек алуға болады.

5. Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасы:

5.1. БАҚ және өлеуметтік желілер арқылы Ақтөбе облысының аумағында қатаң шектеу және карантиндік шараларды ұзарту туралы халықты хабардар ету;

5.2. Өзгеріп отырған жағдайды және сырқаттанғандар санының өсуін ескере отырып, БАҚ жұмысын бірыңғай үйлестіру мен орталықтандыруды қамтамасыз ету.

6. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ақтөбе облысының
Бас мемлекеттік
санитар дәрігері Н.А. Беркімбаева.**

ЖОЛДАУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖЕМІСТЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БЫЛТЫР ӨЗІНІ «СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨРКЕНДЕУІ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ» АТТЫ АЛҒАШҚЫ ЖОЛДАУЫН ҰСЫНҒАН БОЛАТЫН. МЕН БҰЛ ЖОЛДАУДЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНЕ БІЛЕТІН БАСШЫНЫҢ НАҚТЫ МІНДЕТ ПЕН ӨРЕКЕТКЕ ТОЛЫ ҚАДАМА ДІП БІЛЕМІН. ӨЙТКЕНІ, ЖОЛДАУДАҒЫ ӘР БӨЛІМ ӨЗ ЖОЛЫ МЕН НӘТИЖЕСІН ОҒЫНАН КӨРСЕТІП, ІСКЕ АСЫП КЕЛЕДІ. АТЫНЫҢ ӨЗІ АЙТЫП ТҰРҒАНДАЙ, ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІКТІ ОРТАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА, ХАЛЫҚ ПІКІРІМЕН СНАСАСЫП, КӨЗҚАРАСЫН АЙҚЫНДАЙТЫН БҰЛ ЖОЛДАУДЫҢ ЕЛІМІЗДІ ЖАҢАША ЖАҒЫРТУҒА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ МОЛ.

Соның ішінде «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» деп аталатын бөлімінде баса мән берілетін бағыт - білім сапасын жаңарту. Ең алдымен Президент 21 мыңға жуық мектеп түлегінің оқуға түсе алмай қалатынын басты назарға алып, оқушыларға нақты кәсіби бағыт-бағдар мен қабілетін айқындау керектігін көрсетеді. Десе де, жыл сайын Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының түлектері арнайы кәсіби мамандармен кездесу өткізіп, пікір алмасып, өз қабілеттерін біршама айқындап, түрлі байқау-ларда да өз бағын сынап, көрсетіп жүр. Әр жылда мектеп түлектері 100%-ға жуық білім гранттарына қол жеткізіп келеді. Мұның өзі түлек-терімізге берілген білім мен бағыт-бағдардың жемісі. Жолдауда көрсетілген аз қамтылған және көп балалы отбасыларды қолдау және Дарынды балардың қабілетін шыңдау үшін «Қайырымдылық шаралары» мен мерекелік іс-шараларға қатыстырып, демеушілік көрсету де назардан тыс қалған емес. Елімізде болып жатқан төтенше жағдайларға байланысты өзгертілген онлайн оқытуда да

дарынды шәкірттеріміз назардан тыс қалмай, қашықтықтан түрлі байқау жарыстарға қатысып, жүлделі орындарымен бөлісуде. Білім сапасы да жыл сайынғы көрсеткішінен жоғары деңгейге жетіп, алдыңғы үздік мектептердің қатарынан көрінудеміз. Ұстаздарымыздың жемісті еңбегі ескеріліп, жалақысы біршама өсті. Мұның өзі жолдауда көрсетілген нақты бір міндеттің орындалған көрінісі деп білемін. Қазіргі таңда мұғалімдердің жалақысы көңіл толтырарлық деңгейде. Демек, біздің білім жүйесі де бәсекеге қабілетті, сапалы түрде өркендейді деген сөз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алғашқы Жолдауында «Мен халыққа берген уәдемді міндетті түрде орындаймын» - деп нық сеніммен айтса, сөзі мен ісі біртұтас жүйеге айналып, нәтижесін көрсетіп, жаңарып келе жатқан елімізде тек амандық, ел бірлігі мен тұтастығы берік сақталсын дегім келеді.

Роза ҰЛЫҚПАНОВА,
Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп -гимназиясының директоры.

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ БЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ ШІЛДЕ АЙЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ ЖИЫНТЫҚТАР ҮШІН ҚАРАЖАТ ТӨЛЕУДІ КӨЗДЕЙТІН БҰЙРЫҚ ҚАБЫЛДАДЫ

Бұйрық күшіне енген кезде 5 өлеуметтік топқа жататын азаматтардың банк карталарына төлем түсе бастайды. Жергілікті атқарушы органдар қолда бар деректер негізінде азық-түлік және тұрмыстық жиынтық алуға тиіс-ті адамдардың тізімін жасайды. Со-дан кейін шілде айына, яғни шектеу шараларының қолданылу кезеңінде алушыларға сомасы 2 АЕК мөлше-рінде төлем жіберіледі.

5 өлеуметтік топқа:

- атаулы өлеуметтік көмек алушылар қатарынан 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар;
- медициналық-өлеуметтік мекемелерде тұрақты тұратын мүгедектерді қоспағанда, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар;
- медициналық-өлеуметтік мекемелерде тұрақты тұратын мүгедектерді қоспағанда, барлық жастағы I, II, III топтағы мүгедектер;
- мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдар;
- жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті органда тіркелген жұмыссыз азаматтар жатады.

Бұған дейін хабарланғандай, коронавирустық инфекцияны жұқтыру қаупін азайту мақсатында адамдардың тікелей байланысын болдырмау үшін азық-түлік және тұрмыстық жиынтықтар 2 АЕК-тен кем болмайтын мөлшерде алушылардың банк карталарына аударылған төлемге ауыстырылды. Былғы жылдың наурыз айынан мамыр айына дейін бұл төлемдер жалпы сомасы 13,5 млрд теңгеге 1 млн адамға есептелген.

БЖТ ТӨЛЕУШІ АЗАМАТТАРДАН 42 500 ТЕҢГЕГЕ

ӨТІНІШТЕР ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты өлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады. Өлеуметтік төлемге шілде айында шектеу шараларының енгізілуіне байланысты табысын жоғалтқан азаматтар үміткер бола алады.

Өтінішті келесі арналар арқылы беруге болатынын еске саламыз:

– «электрондық үкімет» веб-порталы;

42500.enbek.kz порталы;

telegram-боттар;

Aitu мессенджеріндегі 42500.enbek.kz қосымшасы.

Төлемді sms хабарлама арқылы проактивті тағайындауға келісім берген азаматтарға өтінім берудің қажеті жоқ.

«БІЗ БІРГЕМІЗ» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА...

«Берекені көктен тілеме, бірлігі мол көптен тіле», - деген дана халқымыз. Расында «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп те бекерге айтпаса керек. Осы орай жуырда Құмжарған ауылының тұрғыны Ләззет Байманова өз отбасының атынан провизорлық, инфекциялық бөлімде жатқан науқастарға және медицина қызметкерлеріне ыстық нан мен 10 мың теңге қаржылай көмек көрсетті. Осы қиын-қыстау сәтте қолдау білдіргеніңізге Ойыл аудандық ауруханасы және кәсіподақ ұжымы алғысын білдіреді!



ЖЕМҚОРЛЫҚ

ДЕНДЕМЕУІ КЕРЕК!

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ЗАМАН АҒЫСЫМЕН БІРГЕ ӨСП-ӨРКЕНДЕП, МОЛ ҚАРАЖАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БӘСЕКЕЛІК ПАЙДА БОЛҒАН ЖЕРЛЕРГЕ ТАМЫРЫН ЖАЙЫП, БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖОЙЫЛМАЙ ОТЫРҒАН КЕСЕЛДІҢ БІРІ. БҰЛ КЕСЕЛ ДАМУШЫ ЕЛДЕРДЕГІДЕЙ БІЗДІҢ ЖАС МЕМЛЕКЕТІМІЗГЕ ДЕ ОРАСАН ЗОР НҰҚСАН КЕЛТІРІП ОТЫР.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызмет-

шілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дертті алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Ойыл ауданы төтенше жағдайлар бөлімі



ЕМДЕЛУДЕН КЕЙІН СТАЦИОНАРДАН ШЫҒАРЫЛҒАН ПАЦИЕНТКЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ

ЖАҒДАЙДЫҢ АУЫРЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҮЙДЕ ӨЗІН-ӨЗІ ОҚШАУЛАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУШІ ДӘРІГЕРДІҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

1. Тіркелген/тұратын жері бойынша стационардан шығу туралы ұялы байланыс арқылы учаскелік дәрігерге хабарлау.
2. Учаскелік дәрігер мен пульмонологтың ұсыныстарын қатаң сақтау, белгіленген мерзімде дәрігерлік ұсыныстарға сәйкес зертханалық және аспаптық зерттеулерді тапсыру.
3. Созылмалы ауруларға байланысты негізгі терапияны жалғастыру, 2-4 аптадан шығарылғаннан кейін бейінді маманның кеңесінен кейін терапия түзетілуі мүмкін.

ЖАЛПЫ ҰСЫНЫСТАР

1. Дене температурасын күніне екі рет, пульс, тыныс алу жиілігін, артериялық қысымды, зәр шығару жиілігін өлшеу.
2. Жеңіл сіңірілетін калориялы тамақпен (ботқалар, ашыған сүт өнімдері, балық, жемістер, көкөністер) бөлшектік тамақтануды және ауыз су режимін қамтамасыз ету.
3. Дене белсенділігін, гимнастиканы, тыныс алу жаттығуларын біртіндеп кеңейту.
4. Сақтық шараларын сақтау: қолды жиі жуу, қолды антисептиктермен (санитайзермен) өңдеу, жөтел, түшкіру кезінде бір реттік майлықтарды пайдалану; пациенттің бөлмесін желдету, дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып ылғалды жинау.

ЖАҒДАЙДЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН НАШАРЛАУЫ КЕЗІНДЕ (ДЕНЕ ҚИЗЫНЫҢ КӨТЕРІЛУІ, ЕНТІГҮ, ЖӨТЕЛ ЖӘНЕ Т.Б.) ЕМДЕУШІ ДӘРІГЕРГЕ ХАБАРЛАҒЫЗ!



МАЗАСЫЗДЫҚ БЕЛГІЛЕРІ БАЙҚАЛҒАНДА (ЖҮКТЕМЕ КЕЗІНДЕ ЕНТІГҮ СИМПТОМДАРЫНЫҢ ӨСУІ, ТЫНЫС АЛУДЫҢ ҚИЫНДАУЫ ЖӘНЕ ЖИЛДЕУІ, КЕУДЕНІ АУРУЫ ЖӘНЕ Т.Б.) ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘРДЕМ БРИГАДАСЫН ШАҚЫРУ



ДЕНІ САУ АДАМҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ



Қолды сабынмен жиі жуыңыз (20 сек. Кем емес)



Көшеде, қоғамдық орындарда жиі қолды антисептиктермен сүртіңіз



Бетті, көзді, мұрынды және ауызды жұмаған қолмен ұстамаңыз



Қоғамдық орындарда міндетті түрде маска киіңіз, 1,5-2 метр қашықтықты сақтаңыз



Жөтелу және түшкіру кезінде ауызды және мұрынды салфеткемен жабыңыз, оны қолданғаннан кейін бірден тастаңыз



Күнделікті пәтерді/үйді жуу құралдармен тазалаңыз



Жиі дезинфекциялау құралдарымен есік тұтқаларын, телефондарды, компьютерлерді, ажыратқыштарды сүртіңіз



Киім мен төсек-орынды 60-90 градус температурада әдеттегі кір жуғыш ұнтақпен жуыңыз



Қоғамдық орындарға барудан аулақ болыңыз (сауда орталықтары, дүкендер, дәріханалар, моншалар)



Қоғамдық орындарда, ауыз бен мұрынды жауып, міндетті түрде бетперде киіңіз



Отбасы мүшелерінің жағдайын, әсіресе 60 жастан асқан, сондай-ақ жүрек-тін, өкпенің және т. б. созылмалы аурулары бар адамдардың жағдайын бақылаңыз



Аурудың кез келген симптомдары (температура, жөтел, диарея және т. б.) пайда болған жағдайда үйде қалыңыз, www.coronavirus2020.kz сайтында көрсетілген 1406 аймақтық номерге, учаскелік дәрігерге хабарлаңыз

Сіздердің және жақындарыңыздың денсаулығы сіздің қолыңызда!!!

ҚАЙРАН ДАЛАМ, ҚАЙРАН МЕНІҢ ҚАЙЫҢДЫМ...

Гүлжахан ТӨРЕХАНОВА

1982 жылы Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қайыңды ауылында дүниеге келген. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің филология факультетін тәмамдаған. Облыстық, республикалық мүшәй-ралардың жеңімпазы. «Каспий — достық теңізі», «Шабьт» халық-аралық фестивалдарының қатысушысы. Өлеңдері жастардың ұжым-дық жинақтарына, «Ақтөбе кітапханасы» сериясына және «Жәдігер» Ақтөбе ақындарының антология-сына енген. «Көктемнің күлкісі» атты жеке жыр жинағы жарық көрген. Қазір Ақтөбе қаласында тұрады.

Қайыңқым

Балалықтың бал қылығы бар мұнда,
арманы көп аңқау кез тұр алдымда.
Құса-мұңды құшағында ақтардым,
сырымды айтып шалғынға.
Күн күлімдеп, сыбырлайтын Ай мұнда,
шаршадың ба, шағалаң жоқ айдында?..
Көкірегіңде күрсінеді тұңғыық,
сағыныш қып жайдың ба?..
Қайран далам, қасиетіңнен айналдым!
Бой көтеріп, сенде тамыр жайғанмын.
Суалмауын, қуармауын тілеймін,
төсіндегі толқын тербер айнаңның!
Қайран далам, қайран менің Қайыңдым,
жүрегімде жапырақ боп жайылдың.
Кең далаға көрік беріп жатушы ең,
арнаң кепкен сайын маған жайың мұң...
Жарқын нұрым, менің ғажап мөлдірім.
Сенсің — өнім, таңғажайып сен жырым!
Сені мендей, мені сендей айдыным,
сүйе алады енді кімі?!.

Түпектің туған жерге сағынышы

Біз туған ауыл мекені аппақ арманның,
қосылған мұнда тарауы сан мың жолдардың.
Біз өскен жерде тәй-тәйлап басқан ізі бар,
жаһанға мөлдір мұңымен қарар аңғалдың.
Біз кеткен мекен естеліктері бал күннің,
жұпар боп аңқыр иісі мұнда жаңбырдың.
Қайыңды деген қайырлы жердің жұртында,
тамыры, сіре, байлаулы талай тағдырдың.
Өстік біз сонда қайғысыз, мұңсыз бала боп,
алаңдарымыз — мектеп пен достар,

дала, доп.

Көшенің шаңын жарысып, көкке көтеріп,
қиялымызды айтсақ, көкірегімізде жанады от.
Мектебін, сенде өтіпті талай бақ күндер,
өмірдің мынау ілімін сенен таптым дер.
Жетелеп бізді, өрендеріңді өрге сап,
мейіріміңмен маңдайдан сипап

жаттың ба, ел?!

Сенде өскен ұл-қыз ұясын ешбір ұмытпас,
беледі көңілін, ел жаққа ылғи бұрып бас.
Қанша жаз, көктем жатса да біздің арада,
санамнан сол шақ кетпейді өлі, сыныптас!
Бір кезде бала, бүгінде өке, анамыз,
біз жүрген жолда, білемін, жарқын

қалады із!

Басымыз бірге қосыла қалса, дуылдап,
«Балалық» деген ел жаққа елтіп барамыз.
Зулайды уақыт, өтеді жылдар сырғып-ақ,
жеңіспен, бөлкім, ал кейде мүмкін бір құлап...
Тарихтың талай парағын жазып кетсек те,
таусылмай, тынбай, төгіле берші,
жыр-бұлақ!..

Жанарымды жұмып кейде,
ісін сезем маң даланың,
Даусын естим тай-құландай
ойнақтаған сан баланың.
Сол даланың еркін ұлы, ерке қызы,
есінде ме,

Қиялға еріп, сенімменен
шырқағаның арман өнін?!.
Құйттай ғана ауылыңнан шырқау
көкке самғатқан сан,
Сол арманның тұңғыш
гүлі топырағында толғатқан дөн.

Қасиетті нәм қастерлі Қайыңдым-ау,
қарлығашың қайта оралды туған жерге.
Қуаныштан мың құлпырып,
сала берді жайнап далам.
Мектебім-ау, алтын уям! 1988!
Есіңде ме, сәби едік, саған алғаш

жеткенде біз?!

Бала едік қой аңқау мінез, аппақ көңіл
мөлдіреген.
40 бала келді алдына тұлымшағы
желбіреген.
Содан бері талай көктем, жаз да өтті
жайраң қағып.

Кешегі ұл-қыз бүгін сырбаз азаматқа
айналды анық
Сол бір сәттің естелігін бір жымиып
есіне алды,
Өйткені оның сәби шағы сәбиіне
көшіп алды...

Мама

Жан жаураса, жылытар алып күнім,
Ақ жүзіңе айғызын салыпты мұң.

Қабағыңа кей-кейде кірбің түссе,
Ана, сенің алдында айыптымын!..
Өзіңе ұқсап, тербетіп бесігімді,
Қайталаймын күбірлеп есіміңді.
Мама, мынау кең дүниеде ешкім сіре,
Бола алмайды өзіңдей кешірімді!..
Бар бақытты иыққа теңдей іліп,
Біз жымисақ, тұрасың сен де күліп.
Жанарыңнан жып-жылы шуақ көрем,
Жайымды ұғар жан да жоқ сендей біліп...
Қатар ұстап қазан мен қаламымды,
Сабырыңнан әрдайым алам үлгі.
Жан анашым, жаныңа мұң тұнбасын,
Жас жумасын нұры мол жанарыңды!..

* * * * *

Әлдің сенің — әрлі өуен,
Әніңе өлем жылынар...
Сен күткен үлкен арман ем,
Үміт ем нәзік үні бар.
Ұзаттың өмір көшімен,
Өрісті бөлек бетке алдым.
Әнімен өсем өсіп ем,
Шуақты, мөлдір шақтардың.
Мұң болып тербер түн кейде
Күндер де кейде кірбің сап...
Күндер де кейде кірбің сап...
Шаршасам, гүлді күнгейде
қаусырар сендік нұр құшақ.
Үніңе қалай тоярмын?..
Қасиет те — ана, бақ та — ана.
Сен аман жүрші, аяулым,
Жып-жылы жүрек, тоқтама!

Балапаным

Маңдайыңнан жұмақ иісі бұрқырап,
Жүгіресің бір сүрініп, бір құлап.
Сенің мөлдір терезеңнен өлемге
үңілемін, мұңның жасын сүртіп ап.
Тұрақтамас жанарыңа Бақ қайтіп?!.
Хақ жаратқан періштелік шақты айтып,
күміс күлкің төгілмесе моншақтай,
маған сіре, қалатындай батпай түк.
Ұмытам да күйкілігін жалғанның,
көкірегіңде қоздап талай арман мың,
иіскеп үнсіз кекіліңнен күн сүйген,
Адам болар кезіңді ойлап, толғандым.
Қу жанымды тоңдырғанда жел өкпек,
Сен жүресің көңілімді ойлап, өбектеп.
Мейірімді ұмытпасын деп пенде,
Төңір берген сәбилерді бөлектеп...

Өлең

Мен сенсіз күндер өткізіп,
мен сенсіз өмір сүре алман.
Маңдайды саған тіреген,
мұң болып тұнған бір арман.
Өзіңмен бірге өртеніп,
өткізген талай шырғалаң.
Жанары нәркес жанымда,
жап-жасыл күйде тұр ғалам.
Сезімі сәби кеудемде
бұлқынған көусар сыр талай.
Көкірек қайтіп тұншығар,
жанартау сынды бұрқамай?!.
Нәрсте көңіл Нәзіктік,
сүйенген саған сенімім.
Сағымнан самал ойнатып,
сайранда, ерке елігім!..

Жеті құн. Пенде-ғұмыр

Туа сала сөл нәрсеге алданып,
Бір күн өтті екіншіге жалғанып.
Үшінші күн үздіктіріп, үзілтіп,
Төртінші күн тірлік жайлы толғанып.
Бесінші күн әр нәрсеге боп алаң,
Алтыншы күн үнсіз мұңға оранам.
Жетінші күн іздеп мені таппайсың,
Көкке сіңіп, жұмыр жерден жоғалам.
Пенде-тірлік барғаны жеті-ақ күн,
Сол тірліктен нені іздедің, не таптың?!.
Тансәріңеі тілек

Жұмыр жерді жан-төнімен ұнатқан,
Пейілінен көктем гүлдеп, бұр атқан,
Ей, Жарық Күн, дертін жазшы өлемнің!..
Сағынышы саған тартқан өлеңмін...
Көз алдында дөңгелеген бұл тірлік.
Сен сүйгенде жүрек гүлдеп, құлпырдық.
Төңір берген Жарығым-ау, пенденің
Көкті ұмытқан пейілдерін емдегін!
Жан біткенді бөліп-жармай жылытқан,
Мейіріміңнен үйренсін ел ұмытқан!..
Хақ жаратқан сиқыр нұрлы Ғажабым,
Сылып алшы шын мұқтаждың азабын!..



Рақымынан үміт еткен Құдайдың,
Таңсәріде көкірегімде құлайды үн...
Көкжиектен атқан сайын құла таң,
Сенің мөлдір келбетіңді ұнатам.
Ештемемен тең келмейтін арыны,
Әр сәулелде Төңірің бар үні...
(Естіген жан жетер барлық мұратқа)...
Хақ Тағала, адамзатты жылатпа.

Көктем-қыз

Көктем деген — кейде нәзік, кейде өте
тентек қыз,
оны мөлдір жырларыңмен, сырларыңмен
селт еткізі!..
Содан кейін тамсан да отыр, таңғал да
отыр армансыз,
жоғалады көкірегіңде қыстан кейін
қалған сыз.
Кейде ерке, бала мінез. Бұртиқы бір демде,
мөлт-мөлт етіп тамар сосын
миллион моншақ гүлдерге.
Сөзден кейін жарқ етеді жарық
шашып жанары,
құйылады сан мың шуақ құбылтып
бұл даланы.

Көктем деген — Көк Төңірдің сылаң
қаққан бір қызы,
Жердің бетін жайнатсын деп жіберген
Үр жұлдызы.
Кеткенінше дамыл таппас, он саусағы
майысып,
Жел де өне, кірісті іске көрпелерін жайысып.
Көз алдырмай мынау ғажап көркі бөлек
гүл-бақтан,
Көктем қыздың сиқыры ғой құс
біткенді жырлатқан!..
Езуінде ерке күлкі, мұздай мұңды ерітіп,
Асқақ басып бара жатыр ел біткенді елітіп.
Кейде суық жанарымен жасқап алып
жасықты,
Шуағымен аялайды арманға адал ғашықты...
Жан жүгірткен өзегіне өліп қалған тамырдың,
Сүймеу сені мүмкін емес, туындысы

Төңірдің!..
Сені аңсамау мүмкін емес, Сағынышым,
Шуақтым,
Сенің мөлдір шыныдайын болмысыңды
ұнаттым!..
Күн анаңнан бойға біткен мейіріміңнен нұр
сіңіп,
бөбек-бүршік қылтияды тіршілікке ұмсынып...

Сирень...

Сирень гүлдеді.
Сезім секілді...
Сезім секілді тұр аңқып!..
Сонау бір мөлдір кезім секілді,
Қыр асып кеткен мұнартып.
Сирень гүлдеді.
Өлең секілді...
Өлең секілді тым нәзік.
Ойлары жұпар өрен секілді,
отырған бақта жыр жазып.
Сирень бұр жарды.
Бұр жарды арман...
Ақ ұлпа қардай аяулы.
Сирень гүліне таңдапты Төңір
ең тұнық, нәрлі бояуды.
Бұрқырап Бақыт жайылды сосын,
Ізгілік еріп ізінен...
Сыр айтты гүлі:
«Мен сіре, елді
қуанып барып, үзілем!»
Көктем өн салды.
Құстар жар салды.
Шын іңкер сәттің шуағы.
Жүректің адал, ең шыншыл кезі
Сирень гүлдерде туады!..

АБАЙДЫҢ СӨЗІ - БОЙТҰМАР!

Қазақ қа-
шанда ұлыла-
рын ұлықтаған
ел. Осы орай-
да биыл алты
алашқа аты
мөшһүр, адам-
зат болмысын
ө л е ң м е н
ө р н е к т е п,
қазақ өдеби-
етінің дамуына
д а м ы л с ы з
қызымет қыл-
ған Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы
аталып өтуде.



Біз жас мемлекеттік қызметшілер Абай атамның өр өлеңінен ғибрат алып, адамгершілік қасиетімізді ұлы философияның қанатты сөздерімен қайрап келеміз. Елімізде болып жатқан пандемияға байланысты ұлы ақынды ұлықтау назардан тыс қалған емес. «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп ұлы ақынның өзі жырлағандай, ұлылардың сөзі ұранға айналмаса, ұмыт қалмасы анық. Абай атамның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңінің өзінде жас буынды ілім мен білімге, ғылымға ерте қамдануға шақырып тұрғандай! Сондықтан біз жас мемлекеттік қызметшілер еліміздің дамуына таза еңбек пен біліктілік арқасында қызмет қылуға қашанда өзіміз. Менде жас қызметші ретінде Абай атамның даналық сөздеріне сүйене отырып, мамандық таңдаудан жаңылмай ел үшін еңбек қылу басты міндетіміз деп білемін.

Айымгүл ЕСЕНАМАНҚЫЗЫ,
Ойыл ауданаралық әділет басқармасының бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!
Келісім-шарт бойынша медициналық қызметінің мамандарын әскери қызметке қабылдау жүріп жатыр.
Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданған медициналық Сұрақтар бойынша Ойыл ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келуіңізге немесе телефон арқылы хабарласуыңызға болады. Мекен-жайы: С.Дәуленов №26 байланыс телефондары: 2-19-22, 2-14-00

Жамбыл мектеп-балабақшасының ұжымы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Қарағұлова Ақнұр Тоқашқызына енесі
Қансұлудың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл ауданының өкімі мен Ойыл ауданы өкімі аппаратының ұжымы аудан өкімі аппаратының бөлім басшысы Дүсіпова Гүлнұр Тлеуғализына анасы
Әлмұқанова Дыбыстың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Оразова Гүлбаршынның әкесі
Сайлаубайдың
қайтыс болуына байланысты , ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 үй, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1583 дана. Тапсырыс №893
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525
«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҒҰН-САРМАТ КЕЗЕҢІ - ҚҰМ БАСҚАН ТАРИХ

Ақтөбе өңірі қай кезеңнің болмасын ескерткішіне бай, тарихи аймақ. Ұшқан құстың қанаты талатын қазақ даласында кімдердің дүбірі қалмады десеңші? Ескерткіштер көбісі далалық аймақта шоғырланған. Ірі-ірі өзендерді сағалап мекен еткен ру-тайпалардың қорымдары да сулы аймақтан қашық болмаған. Міне, сан ғасырдан бері сылдырай аққан Ойыл өзенінің де тарихы бір басқа. Топырағының түйірі тарихтан сыр шертетін біздің аймақ зерттеу жұмыстарына сұранып-ақ тұр. Осы уақытқа дейін зерттеу жұмыстарын жүргізген археологтар құр қайтқан емес. Қазылған қорымнан дерек те, дәйек те бар. Жәдігері табылып, өбiгерге салмайтын тарихи орындар қашанда кезегін күтіп тұрғандай.

Осы орайда ауданымыздың оңтүстік батыс жақ бетінен, яғни, Көптоғай ауылдық округінің батыс жағынан 25-28 шақырым қашықтықта, Ойыл

өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан біздің заманымызға дейінгі II-IV ғасырдағы Ғұн-Сармат кезеңіне жататын көне ескерткіштер табылды. Қазіргі таңда спутниктік түсірілімдердің нәтижесінде табылған Шөптікөл-2 қорымына зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қазба жұмыстарына Ақтөбе облыстық тарихи өлкетану музейімен бірге Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейі бірлескен түрде ат салысып келеді. Сонымен қатар археологиялық экспедициямен бірге қазу жұмыстарына ауданның жас археологтары мен еріктілер белсенді түрде қатынасты. Көне ескерткішке зерттеу жүргізген жерлесіміз Асылан Мамедов, Нұрсұлтан Байыров, Мейрон Дүйсенғали, Баубек Мелсов сынды ғалымдар Шөптікөл-2 қорымынан табылған жәдігерлер зерттеу қорына жіберілгеннен кейін, өлі де тың жаңалықтар шығуы мүмкін екендігін

мәлім етті. Себебі жәдігерлер жергілікті жерге тән емес. Себебі Ғұн-Сарматтардың кезеңінде де айыр-бастау, сату болғандығын аңғартады. Алайда бұл болжам ғана. Сондықтан тым-тырыс жатқан тұран дала тарихтан тоқтаусыз зерттеулердің нәтижесінде ғана тіл қататындай тәрізді. Мұндай көне ескерткіштердің осы уақытқа дейін анықталмауының өзіндік себептері бар. Нақтырақ айтсақ, аумалы-төкпелі кезеңдерде саяси тұрақсыздықтың салдарынан кейбір көне ескерткіштер белгі ретінде жер бетінен 20-50 сантиметр биіктікте салынған. Өйткені бұл өдіс өрбір тайпаның өзіне тән ерекшелігін жойып, қайтқан адаммен бірге көмілген құнды жәдігерлерін тонап өкетпесі үшін жасалған әрекеттер болса керек.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



Жақынына жанашыр бол!

АЛМАТЫДАҒЫ ЖЕРЛЕСТЕРДІҢ ЖӘРДЕМІ

Кеше Ойыл аудандық ауруханасына Алматыдағы жерлестердің жіберген көмегі келді.

Жырақтағы жерлестер қазіргі таңдағы жағдайға байланысты әлеуметтік желі арқылы бір-біріне үн қосып, ауылдағы ағайындарына көмек қолын созуды ұйғарады.

Бас-аяғы бір аптада жиналған 1.7 млн. теңгеге аудандық ауруханаға 75 дана 1-ші типтік медицина қызметкерлерінің қорғаныш киімдерін жіберді. Қашанда Ойыл дегенде жақсылығына сүйсініп, жамандығына күйініп жүретін жерлестердің көмегі өсіресе, сырқаттардың қасында жүрген дәрігерлер мен кіші буын қызметкерлердің қауіпті аурудан сақтануына мүмкіндік береді. Жерлестердің бағалы сәлемдемесін қабылдаған аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев Алматыдағы ағайынға туған жерлеріндегі ыстық сәлемі мен ақ пейіл алғысын жеткізді.

P.S.

Бүгінгі күні ауданда қауіпті аурудың алдын-алудың барлық шаралары жүргізіліп жатыр. Соның нәтижесінде, өкпе қабынуымен дәрігердің көмегіне жүгінетіндер азайды. Қазіргі таңда ауруханада небәрі 12 науқас қана жатыр. Аурухана қауіпті ауруды емдеудің хаттамасына енген дәрігермен жеткілікті қамтылған. Ауруханада 6 оттегі концентраторы және 3 жасанды дем алдыру құрылғысы бар. Бірақ, оларды қажет ететін сырқаттар жоқ.

С. ҚОЙБАҒАРОВ.

ОРМАН МЕН ДАЛАДА ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ӨРТТІ ТІЛСІЗ ЖАУ ДЕП АЙТУЫ НЕГІЗСІЗ ЕМЕС - СЕБЕБІ, ӨРТ КҮТПЕГЕН ЖЕРДЕН БАСТАЛЫП, КӨПТЕГЕН ЖЫЛДАР БОЙҒЫ МАҢДАЙ ТЕРМЕН ЖИҒАН ТЕРГЕН ДҮНИЕ-МҮЛКІНДІ ЛЕЗДЕ АЯУСЫЗ ЖАЛМАП ӨП-СӨТТЕ ЖОҚ ҚЫЛАДЫ. ОСЫНДАЙ ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚТАНУДЫҢ ЕҢ ҚАРАПАЙЫМ ЖОЛЫ ОНЫҢ АЛДЫН-АЛУ, ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ.



Аудандық «Ойыл» газетіне өрттердің алдын-алу мақсатында ай сайын мақалалар беріліп, Төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері аудан көлемінде өрттердің алдын-алу мақсатында түрлі шаралар атқарып келеді. Жоғарыда көрсетілген өрт қауіпінің алды-алу жөніндегі шараларға қарамастан аудан көлемінде өрт оқиғалары өлі де азаймай отыр. Ағымдағы жылдың 12-13 шілде күндері аудан көлемінде далалық құрғақ шөптің жануының 7 жағдайы, орман алқаптары өртінің 2 жағдайы тіркелді, өрттің себебі найзағай түсуі табиғи фактор. Алайда аудан тұрғындарының немқұрайдылығы, мән бермеушілік, жауапсыздығы және өрт қауіпсіздігін сақтамағандықтан да өрт оқиғалары кездеседі.

Қазіргі таңда 40-42 градусқа дейін күннің қызуы, өрт қауіпі күшеюіне байланысты аудан бойынша далалық өрттердің болу қауіпі де ұлғайды. Өрбір жекелеген азаматтар, түрлі меншік нысанына қарамастан ұйымдар басшылары, шауашылық құрылымдар басшылары, өртке байланысты ойлы көзқараспен қарап, түрлі бағыттағы жолмен жүру кезінде шектен шылымдарын келік терезесінен лақтыра салмай - дұрыстап сөндіріп жүрсе, техникаларын жөндеуден өткізгеннен соң пайдаланып, уақытылы қарап тұрса, көптеген өрт оқиғаларының алдын-алуға болар еді.

Өрт қауіпі күшейетін жаз мезгілінде, жолды жөндеумен күтуге тиісті жауапты мекемелер, көсіпорындар жол жиегіне өскен құрғақ шөптерді қырқып тастап отыруы тиіс. Себебі бұл шара да өрт қауіпсіздігін сақтаудың бірден-бір кепілі. Кей жағдайда бола қалған өрттер кезінде жол-

дың арғы жағынан басталған өрт орылмаған қаулаған шөптерге тиіп екінші бетіне ұласып жатады.

Болып жатқан далалық өрттерді сөндіру тек қана өрт сөндіру бөлімі қызметкерлері мен аудандық, селолық округ өкімшілігіне ғана қажет деу өте қате пікір. Қазіргі уақытта аудан көлеміндегі жерлердің көпшілігі өркімнің жекеменшігі болып табылады. Өрбір шаруашылық құрылым басшыларымен жекелеген адамдар өздерінің жеке мүліктерін және жерлерін өрттен қорғауға тікелей міндетті екендіктерін естен шығармағандары жөн.

Барлық мал қыстақтарындағы мал баздарының сыртқы аумағындағы жерлер үйілген шөп скирдтерінің айналасы жыртылып сыммен қоршалуы тиіс. Пішен маяларын электр желілерінің жақын орналасқан жерге жинауға тым салынады. Жиналып қалған қоқыстардан қора қолсылардың айналасы тазартылуы тиіс. Барлық ауыл шаруашылық техникалары алғашқы өрт сөндіру құралдарымен /күрек, киіз, сыпыртқы, сапалақ, өрт сөндіргіштермен/ жабдықталулары шарт. Шаруа қожалықтары өздеріне тиесілі жерлердің аумағын жырту арқылы өрттен қорғауы қажет.

Осы айтылған шаралардың барлығы өр азаматтың сана сезімінде болып немқұрайлы қарамауы тиіс. Сондықтан өртті болдырмау, алдын алу шараларын жасау баршамыздың көңіл бөлер ортақ міндетіміз. Өз міндетімізді дұрыс түсіну кездейсоқ өрт шығу фактісіне ұрындырмайтыны сөзсіз.

Есіңізде болсын! Өрт кезінде салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бекетін «101» немесе «112»

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі